2 Дәріс. Әлеуметтану теориясына кіріспе

1. Әлеуметтанудың шығуына дейінгі әлеуметтік ой-пікірлердің қалыптасу эволюциясы.
2. Әлеуметтанудың ғылым ретінде пайда болуы. О.Конт, Г.Спенсер - Әлеуметтанудың негізін салушылар.
3. Э.Дюркгеймнің Әлеуметтанусы, оның әдіс-тәсілдер туралы ілімі.

Әлеуметтану XIX ғ-дың 30-40 ж-да қалыптасқан. Ертедегі Шығыс цивилизациясының — Көне Египет, Вавилон, Үнді, Қытайда қоғам туралы пікірлер мен ойлар қалыптаса бастады. Мәселен, конфуцийшылар қоғамтанушылар болып есептеледі. Олардың қоғам туралы іліміндегі негізгі мәселе адамдар арасындағы қатынас және тәрбие мәселесі. Конфуций ертедегі Қытай қауымдастығындағы адамдардың өзін-өзі абыроймен ұстау дәстүрін, олардың шыншыл, өнегелі болатын, жаман қылықтардан бойларын аулақ ұстау дәстүрін көрсетті. Кофуций кейінгі адамдардың бойындағы моральдық нормалардың азайып бара жатқандығын атап өтеді. Адамдардағы популизмге, атаққұмарлыққа ұмтылу пиғылдарының өріс алу тенденциясын, кегін екінші біреуден алу, өз кемшілігін түзету касиеттерінің жоғалу тенденцияларын көрсетеді.

Ежелгі Үндістанда әлеуметтік ойлар буддизм мен джайнизм мектептерінің мифтерінде біршама қарастырылған. Ежелгі Шығыс елдеріндегі Әлеуметтанулық ой-пікір прагматистік сипат алды, яғни әлеуметтік шындық тек тәжірибемен ғана байланыстырылды. Жағымды мінез-құлықтардың үлгілерін тек уағыздаумен және адамның міндеттерінің тізбегін атаумен ғана шектелді.

Әлеуметтік теорияның біршама айқын элементтері ежелгі Грецияда қалыптаса бастады. Мәселен, әлеуметтік пікірдің кейбір элементтерін Гомер мен Гесиодтың шығармаларынан кездеседі. Ежелгі Грек философтарының арасында қоғамға және қоғамдық институттарға ерекше көніл бөлгендер софистер болды. Оларға дейінгілер көбінесе табиғатка баса назар аударса, софистер адам мен қоғамға басты назар аударды. Өйткені, сол кездегі ежелгі Грециядағы саяси жағдай философтарды адам мен қоғам мәселесіне көңіл аударуға мәжбүр еткен болатын.

Софистердің ішіндегі біршама көрнекті өкілі Протагор болған. Ол өндіргіш күштердің ролінің маңыздылығын көре отырып, онымен бүкіл қоғамның дамуын байланыстырады. Сондай-ақ, оның еңбектерінде адамның табиғи құқы туралы идеялар болды. Бүкіл қоғамдық қатынасты адамның еркіндігімен өлшеді. «Адам барлық нәрсенің өлшемі» деп көрсетті. Ол өз еңбектерінде азаматтар дұрыс өмір сүру үшін, өз еркітерімен мемлекет құрады деген пікірді айтты. Сонымен қатар софистердің әлеуметтік козкарастарында адамдардың табиғи теңдігі идеясы да көрсетілген. Софистердің ілімінде, Әлеуметтанулық тұрғыдан алғанда, қоғамның құрылуындағы келісім теориясының жатқандығын көруге болады. Яғни алғашқы адамдар табиғатынан абсолютті түрде еркін болған, кейін сол абсолютті еркіндік адамдар арасындағы наразылықтарды туғызып, күрестерге әкеліп отырған да,

адам өмірінің кауіпсіздігіне сенімі жоғала бастаған. Сондықтан адамдар қоғам құруға мәжбүр болды және оның мүшелері ортақ нормаға бағынатын болды деп көрсетеді.

Платонның пікірінше, мемлекет адам мүдделерінің әртүрлі болуына негізделіп құралатын болған, содан еңбек бөлінісі пайда болады. Қоғамдық еңбектің бөлінісіне байланысты Платон адамдарды үш топқа (кастаға) бөледі: жоғарғы билеуші топ, колөнершілер және құлдар. Адамдар арасындағы касталық қатынасты жақтайды. Адамдар, Платонның пікірінше, табиғатынан тең емес. Жаратылысынан адамның бірі аристократ, екіншісі шаруа, үшіншісі құл болып туылады және өмір бойы солай өтеді. Халық соны мойындауы керек. Бірақ олар тату өмір сүруі тиіс, өйткені олардың бәріне ортақ нәрсе Жер-Ана деп көрсетеді.

Платонның іліміндегі Әлеуметтану үшін басты нәрсе, ол қоғамдық еңбектің бөлінуі және оның қоғамдық қатынас, әрі жеке адамдар арасындағы қатынас үшін маңызды фактор болуы. Екіншіден, ол қоғамдағы таптық күрестің болу потенциалын көрсетеді. Өйткені, ол еңбектің бөлінуінен, адамның табиғи тенсіздігінен мемлекеттің үлкен екі топқа: ауқаттылар мен кедейлер тобына бөлінуін көреді. Үшіншіден, Платон қоғамда адамдарды бірлікке шақыру үшін тәрбиенің, қоғамдық сананың кажеттілігін көрсетеді.

Әлеуметтанулық ой дүниесінде Аристотельдің де алатын орны ерекше. Аристотель ежелгі Грецияның саяси тәжірибесін кортындылай келе, адам әлеуметтік жаратылыс деген корытындыға келеді. Мемлекет адамдардың туа біткен «бірігіп өмір сүруге ұмтылғыштық» қасиетінен пайда болады деп есептеді. Оның пікірінше қоғам үлкен екі әлеуметтік институтқа бөлінеді: құл иеленушілер және құлдар. Бұл да Платонның идеясын қолдайды, яғни адамдар жаратылысынан тең емес деген түсінікті. Аристотель мемлекеттің мақсаты – адамдардың бақытын қамтамасыз етуі керек деп көрсетеді. Мемлекет қоғамдағы жалпы тәртіпке қызмет етіп қана қоймай, мемлекеттегі құрылғыны сақтау болып табылады. Аристотель мынандай пікір айтады: «Адамдар — тек өзіне меншікті заттар жөнінде көбінесе қамқорлық жасайды, ал жалпы қатысы бар ортақ іске ерекше ынта білдірмейді, енжарлық танытады». Меншіктің ортақ болуы көп жағдайда адамдардың ынтасын кемітеді.

Әлеуметтанудың дербес ғылым ретінде пайда болып қалыптасуы батыста француз философы О. Конттың ілімімен тікелей байланысты. Ол өзінің «Позитивті философияның курсы» деп аталатын алты томдық еңбегін жарыққа шығарды. Міне, осы еңбегінде оның Әлеуметтанулық ойлары айтылады. Мәселен, осы еңбегінің 3-томында алғаш рет Конт «Әлеуметтану» деген ұғымды қолданды және қоғамды ғылыми негізде зерттеу мақсатын қойды. Сонымен, бұл пікір Әлеуметтанудың ғылым ретінде пайда болып, дамуына негіз болады.

Конттың әлеуметтанулық концепциясының басты өзегі – «әлеуметтік реттілік пен әлеуметтік прогресс» ұғымы. Конттың пікірінше, қоғамдағы тұрақтылық пен үйлесімділікке жету үшін адамдар ортақ моральдық қағидаларға бағынуы керек. О. Конт Әлеуметтануны екі негізгі бөлікке бөледі: әлеуметтік статика және әлеуметтік динамика. Әлеуметтік статика – бұл

қоғамның тұрақты өмір сүру жағдайы мен оның қызмет ету заңдылықтарын зерттейді. Конт Әлеуметтанусының бұл бөлімінде негізінен әлеуметтік институттардың, әсіресе жанұя, мемлекет, дін сияқты институттардың қоғамдағы қызметі және қоғамдағы бірлікті қалыптастырудағы рөлі қарастырылады.

Әлеуметтік динамикада әлеуметтік жүйенің өзгеру және даму заңдылықтарын зерттейді. Конт мұнда қоғамдық прогресс теориясын дамытты. Қоғамдық прогрестің шешуші факторы ретінде адамның рухани дамуын, ақыл-ойының дамуын көрсетеді. Конт үшін әлеуметтік динамика – қоғамды интеллекуалдық ұйымдастырудың ең жоғары үлгісіне, әлеуметтік гармонияға жету теориясы. Конт қоғамды тірі организммен салыстыра отырып, оны әртүрлі органдардан құралған жүйе ретінде сипаттайды және олардың барлығы белгілі бір қызмет атқарады деп көрсетеді. Демек, бір органның қызметін бүкіл организм жүйесінен бөліп алып қарауға болмайтыны сияқты, қоғамдық жүйеде де оның бір құрылымдық элементінің қызметін қоғамдық бүтіннен тыс қарасатыруға болмайтындығын айтады. Бүтін мен бөлек арасындағы диалектикалық байланыста немесе қоғам мен адамның сондай қатынасында, Конт үшін басты нәрсе қоғам болып есептеледі. Себебі, адам өзінің әлеуметтік болмысын өзін жеке-дара қалыптастыра алмайды, керісінше, оның әлеуметтік табиғатын анықтайтын қоғам деп көрсетеді.

О. Конт қоғамды әртүрлі құрылымдық элементтерге бөле отырып, жанұяны, мемлекетті және дінді қоғамдағы маңызды элемент ретінде ерекше бөліп алып көрсетеді. Ол қоғамның бастапқы единицасы индивид емес, ең алдымен жанұя деп есептейді. Оның пікірінше, адам – әлеуметтік бастамаларға «қоғам жаратылысы» болып келгенмен, адамда эгоистік, өзімшілдік қасиеттер де басым болып келеді. Сондықтан бүкіл адамзат тарихы, Конттың пікірінше, әлеуметтік инстинктілердің эгоистік инстинктілерді жеңу жолындағы күресінен тұрады. О. Конттың пікірінше, жанұяның басты қызметінің бірі – жас ұрпақты альтруизм рухында тәрбиелеу болып табылады. Демек, жанұя адамдағы туа бітетін эгоистік, өзімшілдік қасиеттерді жоя біледі деп көрсетеді.

Мемлекет – Конттың түсінігінше, қоғамдық реттілікті орнатушы, «қоғамдық рухты» көрсетуші. Сондай-ақ, мемлекет қоғамдағы бірлік үшін күресіп, ортақ идеяның бұзылуына жол бермейді. Онсыз қоғамдық прогресс жоқ деген Конт. Сондықтан қоғамдық тәртіпті сақтау, мемлекетке бағыну, оның заңдарын орындау – адамның міндеті болып табылады. Алайда қоғамдағы адамдардың рухани өмірі діни бастауларға негізделмеген жағдайда ғана қоғам дұрыс қызмет атқарады деп көрсетеді. Бұл тұста Конт діннің әлеуметтік татулық пен бірліктегі рөлін жоғары бағалайды. Егер дінге сенім бұзылса, әлемдегі қоғамдық тәртіп те бұзылатын болған.

XIX ғасырдағы ағылшын ғалым философы Г Спенсер Әлеуметтанулық бағыттың дамуына маңызды рөл атқарады Оның пікірі бойынша қоғам биологиялық организм сияқты түсіндіру үшін қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен бірге қоғам адамның табиғатпен байланысын сипаттайды. Спенсердің пікірінше биологиялық организм сияқты қоғам жай формадан

күрделі формаға қарай дамиды. Спенсер бұл эволюциялық процестің 3 түрін көрсетеді бейорганикалық органикалық және жоғарыорганикалық. Спенсер биологиялық организм мен әлеуметтік организм ретіндегі қоғам арасында аналогиялық талдау жасады. Яғни, қоғам да биологиялық организмдер сияқты бастамалық көздер арқылы дамып отыратын натуралды құрылым.

Әлеуметтану ғылымының классикалық түріне қатысты принциптерді француз социологы Эмиль Дюркгейм өзінің "Әлеуметтанулық тәсілдердің қағидасы" еңбегінде көрсеткен. Дюркгейм өз Әлеуметтанусын әлеуметтік факт (шындық) теориясына негіздеді. Әлеуметтік факт ерекше спецификалық құбылыс. Өйткені, ол индивидтердің біріккен әрекетінің нәтижесінде туындайды және ұжымдық санаға негізделеді. Дюркгеймнің пікірінше, әлеуметтік факт болу үшін бірнеше адам бірігіп әрекет жасау керек және ондай әрекеттен жаңа қорытынды тууы қажет. Ондай әрекеттің нәтижесінде мінез-құлықтың жаңа үлгісі пайда болады.

Дюркгейм өзінің бүкіл Әлеуметтанулық қызметі жолында қоғамдағы реттілік пен ретсіздіктің себептерін зерттеуге маңызды ықпал етті. Адамдардың бір-бірімен маңыздылықта өмір сүруіне қандай нәрсе негіз болады? Кейде неліктен қоғамның құрылымы бұзылады? Неге кейбір ұйымдар ұзақ уақытқа жауап бере алмай, ұмытылып, жойылып, ал (коллективтік) қауымдастықтар ұзақ уақыт өмір сүреді? Қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынасы қандай негіздерге сүйенеді? Қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынасы жалпы нормаларға үлкен мән бермесе және өз өмірлерінде оны басшылыққа алмаса, онда қоғамдағы жағдай ретсіздікке әкеледі.

Дюркгейм өз заманындағы моральдық мәселемен айналысты. Ол әлеуметтік институттардың қалыптасуы мен қызметін өте мықты обьективті тұрғыдан зерттеу керек деп есептейді. Тек қана ғылыми тұрғыдан зерттелінген кейін ғана сол әлеуметтік қоғамның негізін тереңірек түсінуге болады. Дюркгейм өзінің аномия теориясында алғаш рет девианттық құбылыстардың себептеріне Әлеуметтанулық тұрғыдан талдау жасады. Дюркгейм бұл теорияны өзінің классикалық "Өзіне-өзі қол салу себептері" зерттеу концепциясында қолданған. Сонымен, ол адамның өзіне-өзі қол салуын аномияға байланысты деп көрсетеді. Аномия – деген сөздің мағынасы "заңның болмауы". Дюркгейм өзінің теориясында адамның "өзін-өзі билеуін жоғалту" бір норманың болмауына байланысты екенін көрсетеді. Осыны түсіндіре келіп, ол адамның қоғам тәртібін реттеуде әлеуметтік нормалар адамдардың мінез-құлқын реттеуші екенін дәлелдеді. Алайда, күйзеліс немесе түбегейлі әлеуметтік өзгерістер (мысалы: инфляция) адамдардың дәстүрлі тәжірибесін қоғамдық нормаларға деген сенімін бұзады, бұл әрқашан жаңа келеңсіз құбылыстарға ұшырайды.

Дюркгейм экономиканың кенеттен төмендеуі жағдайында адамның өзіне-өзі қол салу құбылысының әдеттегіден көбейетіндігін көрсетті. Дюркгеймнің пікірінше, қоғамдағы күйзеліс немесе позитивті өзгерістер "ұжымдық реттілікті өзгертуімен" байланысты болып келеді. Яғни, әлеуметтік норма бұзылған жерде девиантты мінез пайда болады. Демек, әлеуметтік тәртіпсіздік – дезорганизация адамның девиантты мінезінің негізгі принципі

екендігі Әлеуметтану ғылымында мойындалған. Әлеуметтік тәртіпсіздік ұғымы – қоғамда әдеттегі мәдени құндылықтардың, нормалардың және әлеуметтік байланыстардың жоғарылығын, қарама-қайшылықтарын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда әлеуметтік тәртіп үшін “әлеуметтік байланыс” ұғымының маңыздылығы өте жоғары. Мәселен, егер қоғамда мәдени құндылықтар (мысалы: заңдар) неғұрлым берік болатын болса, онда адамдардың құқықтық мәдениеті жоғары болып, әлеуметтік және девиантты құбылыстар аз болады деген қорытынды жасайды.

К. Маркс бірінші болып немістің философы Гегельдің философиялық диалектикалық әдісін қоғамға саналы түрде қолданды. Оның әлеуметтік теориясының тағы бір үлкен ерекшелігі — ол қоғамдық процесс, құбылыстардың дамуын, өзгеруін әр уақытта бүкіл дүниежүзілік жұмысшы табының көзқарасы тұрғысынан бағалап отырды.

К. Маркстің әлеуметтік теориясында көптеген тұжырымдары бар. К. Маркс қоғамның даму заңдарын түсіндіргенде, әр уақытта экономиканы (яғни, өндірістік күштерді, оның ішінде өндірістік қатынастарды) ең басты, қозғаушы, шешуші күш деп санады. Маркстік әлеуметтану теориясы XIX және XX ғасырдағы әлеуметтанушыларға әсіресе, Э. Дюркгеймге, М. Веберге, Г.Зиммельге, т.б. зор әсер етті. Олар Маркстік теорияның көптеген бағалы, құнды идеяларын өз тұжырымдамаларында кең қолданды.

М. Вебердің әлеуметтану теориясы позитивистік теорияға қарсы шығу кезеңінде пайда болды. Позитивизмге қарсы шығу дәуірінде ол әлеуметтанудың өзгешелігін жақтай отырып, адам іс-әрекетін, қимылын "түсіну, ұғыну" теориясын қалыптастырды.

М. Вебер өзінің әлеуметтану зерттеулерінде, түсіну, ұғыну әдістеріне көп көңіл аударуына байланысты, оның әлеуметтану теориясы "түсіну, ұғыну теориясы" деп аталады.

М. Вебер капиталистік қоғамды үнемі мақтамайды. Ол бұл қоғамның алуан түрлі өлшемдерін, күрделілігін, ондағы орын алып отырған қайшылықтарды, әсіресе, алуан түрлі таптар мен топтар арасындағы қарым-қатынастарды жақсы біліп талдап отырды. М. Вебер капитализмнің пайда болуына К. Маркс көрсеткендей жалғыз экономикалық алғышарттар себеп болған жоқ. Сонымен қатар әлеуметтік, рухани, мәдени, әсіресе, діни-этикалық алғышарттардың ықпалы тиді. Бұлардың ішінде протестанттық діни этика адамдардың санасына, шаруашылыққа саналы және ұқыптылықпен қарауды, ықыластықты, т.б. құндылықтарды сіңіре берді. Мұның өзі капиталистік кәсіпкерлердің, өндіріс қожайындарының шығуының, қалыптасуының қажетті алғышарттары да болды.

Талкотт Парсонс әлеуметтік іс-әрекет, қимыл (“социальное действие”) және құрылымды-функционалды талдауды (“структурно-функциональный анализ”) қарастырды. Қандай да бір *әлеуметтік іс-әрекет, қимылдың болуында қажетті шарттар* бар. Әрекет қимыл, біріншіден, оны жүргізетін адамды, екіншіден, нақты жағдайды, үшінші мақсатпен белгілі бір заң нормаларына (ережелеріне) сүйенген шартты жағдайларды қажет етеді. Т. Парсонстің пікірінше, әрбір әрекет, қимылдың өзін-өзі ұйымдастыратын

белгілі жүйесі, оның шартты белгілері жүйесі, оның шартты белгілері (символдары) бар. Олар: мысалы, тіл, құндылықтар, іс-әрекеттің, белгілі бір нормативтік ережеге сәйкес, яғни іс-әрекеттің, қоғамда қабылдаған нормаларға, құндылыққа, тәуелді болуы. Т. Парсонстың қандай да бір теориялық құрылымын алмайық, оның әрқайсысында қайталанып отыратын ой өзегі, басты пікірі (лейтмотив) болады. Ол – әлеуметтік жүйенің тұрақтылығын көрсететін құрылым және оның зерттеу механизмі. Осы міндетті ойдағыдай шешуге Т. Парсонстың екінші теориясы, яғни "құрылымдық – функционалды талдау" бағытталған.

Эмпирикалық және теориялық әлеуметтануды біріктіру идеясын бастаған ірі әлеуметтанушы Роберт Мертон болды. "Әлеуметтік теория және әлеуметтік құрылым" атты еңбегі шықты. Оның пікірінше, эмпирикалық және теориялық әлеуметтанудың бірігуінің "алтын дәуірі" басталды. Бұл тұрғыдан алғанда, Р. Мертон өзінің ойлаған ойын шындыққа айналдырғысы келді, бірақ бұл дұрыс болмады, өйткені эмпирикалық және теориялық әлеуметтанудың қатар дамуына ұзақ уақыт керек болды. Р. Мертон осы мақсатқа жету үшін өзінің функционалды талдау және "ортанғы деңгей" теорияларын жасады. Әлеуметтанушылардың ішінен бірінші болып Р. Мертон әлеуметтік құбылыстардың қоғамда әлеуметтік тәртіпті сақтау және оны қолдау функциясын емес, керісінше, олардың дисфункциясына, яғни әлеуметтік құбылыстардың қоғам құрылымындағы әлеуметтік зорлық-зомбылықты, шиеленісті, олардан туатын қарама-қарсы қайшылықты көрсетуге баса көңіл аударды. "Ортаңғы деңгей" теориясы бір жағынан әлуметтік фактірлердің үлкен топтарын қорытындаудың кейбір жақтарын одан әрі нақтылап түсіндірудің құралы болды.

П.А. Сорокин әлеуметтанудың ірі тұжырымдамасын жасап, дүние жүзіндегі өзгерістердің болашағын түсіндірді. Оның бұл жөнінде екі тұжырымдамасы болды. Олардың біріншісі, әлеуметтік-мәдени динамика, екіншісі – қоғамның тұтастық тұрпаты. Бірінші тұжырымдасына қандай да бір тарихи өзгеріс болмасын, оны мәдени типтердің дамуы ретінде қарады. Ал мұндағы әрбір мәдени тип бір бүтін ерекше құбылыс ретінде көрінеді.

Әлеуметтану ғылымындағы негізгі теорияларға шолу

Құрылымдық-функционалды теория

Негізгі өкілдері: әлеуметтанудағы классикалық кезең өкілдері - О.Конт, Г.Спенсер, Э.Дюркгейм; сондай-ақ Т.Парсонс, Р.Мертон, Э.Гидденс, т.б. ғалымдар дамытты.

Қазіргі әлеуметтану ғылымында әлеуметтік құбылыстар мен процестерді түсіндіру және талдауға теориялық тұрғыда негіз болатын, бірін-бірі толықтыратын макро- және микродеңгейлі бірқатар ғылыми парадигмалар бар. Солардың біріншісі, қоғамдық жүйені басты орынға қоятын құрылымдық-функционалдылық теориясы. Құрылымдық-функционалдылық парадигмасы әлеуметтік құбылыстар мен процестерді макродеңгейде қарастырып, қоғамда болып жатқан кез келген жағдайдың себебі қоғамдағы жүйелердің, яғни әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени жүйенің жағдайына байланысты деп

түсіндіреді. Бүгінде әлеуметтік құбылыстар мен процестерді зерттеушілер тарапынан құрылымдық-функционализмге қызығушылық артқан. Бұның себебі, бәлкім, қазіргі жаһандану заманының салдарын түсіндіру барысында туындаса керек. Құрылымдық-функционалдылық парадигмасының мазмұны бойынша – адамның мінез-құлқының қалыптасуына және оның белгілі-бір жағдайларға қатысты белгілі-бір ортада жасаған іс-әрекетіне оның қоршаған ортасы әсер етеді. Осыған байланысты адамнан күтілетін әрекет пен оның жасаған іс-әрекеті үнемі сәйкес келіп отырады. Әлеуметтену барысында бір ұрпақтан екінші ұрпаққа қоғамдық құндылықтар беріледі және бұл қызметті отбасы атқарады. Отбасы арқылы адамның бойында сүйіспеншілік (отанға, жақыныңа), сәйкестілік (ұлттық) сезімдері қалыптасады. Міне, осы жерде әлеуметтану ғылымының универсалды жәдігері болып табылатын құрылымдық-функционалды парадигманың арықшылығы байқалып, және ол - қазіргі заманның «сұрапыл күшіне» (Guggernaut) баланған жаһанданууға қарсы қойылатын теңдессіз теория бола алады. Өйткені бұл теория адамзаттың менталды құндылықтарына сәйкес келеді: отбасы құндылықтарын қастерлеу, отбасының ұрпақтан ұрпаққа құндылықтарды трансформациялайтын қызметін берік ұстану, отанды сүю, ұлтын, тілін қадірлеу, дәстүрді құрметтеу сияқты мызғымас адамзат нормалары.

Құрылымдық-функционалдылық теориясы өкілдерінің пайымдауы бойынша (мысалы, Р.Мертонның айтуы бойынша) адамның қоршаған ортаға, қоғамға интеграциясы жанжалсыз жүруі керек. Құрылымдық-функционалдылық теориясы оқиғалардың себебін қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық-саяси жағдайлармен, қайсыбір қоғамда қалыптасқан дәстүр мен мәдениет тұрғысынан түсіндіреді.

Құрылымдық теория өкілдері кез келген әлеуметтік құбылысқа әсер ететін факторларды төмендегіше топтастырады:

- Экономикалық (жалақы, жұмыссыздық, жұмысбастылық, баға, өндіріс, кәсіпорындар, ақша айналымы, мемлекет кірісі, т.б.);
- Әлеуметтік (баспана, білім беру, денсаулықсақтау мекемелері, дүкендер);
- Демографиялық (жасы, жынысы, отбасылық жағдайы);
- Саяси (ел ішіндегі саяси жағдайларға байланысты);
- Моральдық (мәдениет, діни ахуал).

Сонымен, құрылымдық-функционалдылық парадигмасының мазмұны – адамның қалыптасуына және оның қандай да бір жағдайларға байланысты белгілі-бір ортада жасаған іс-әрекетіне оның қоршаған ортасы әсер етеді, яғни адамның қоғамда қалыптасқан үлгілерді қабылдауы. Сонда ғана адам қоғамға жанжалсыз кіріге алады деп түсіндіреді әдістемелік бағыт өкілдері.

Яғни, құрылымдық-функционалдылық теория - біріншіден, қоғамды жүйе ретінде қарастырады;

екіншіден, қоғамдағы құбылыстар мен процестер бір-бірімен себеп-салдарлық түрде байланысып жатыр;

үшіншіден, қоғам өздігінен реттеліп отырады, әмбебап.

Символдық интеракционизм теориясы

Әлеуметтік құбылыстар мен процестердің, оқиғалардың себептерін микродеңгейде түсіндіретін теориялар. Сондай теорияның бірі символдық интеракционизм (Дж.Мид, Г.Блумер, Ч.Кули). Бұл теорияның ерекшелігі – белгілі-бір нақты жағдайға байланысты жасалатын тұлғааралық қарым-қатынастардың ерекшеліктерін түсіндіру, яғни адамды, оның іс-әрекеті мен мінез-құлқы, күнделікті өмірдегі әлеуметтік қарым-қатынастары басты орынға қойылады. Бұл теориялардың негізгі идеясы – күнделікті өмір, идеал, сенім, көзқарас, өмірлік ұстаным, қарым-қатынас, адамгершілік қатынастар, мотивтер, мінез-құлықтар.

Символдық интеракционизм XX ғ. 20-шы жылдарында пайда болып, көптеген әлеуметтік мектептердің өмірге келуіне әсер етті. Бұл бағыттың аталуын теоретикалық әлеуметтануда былай деп түсіндіреді.

Символдық деген термин бұл әлеуметтік мектептің «мән» түсінігіне акцент қоятынын білдіреді, ал әрекетке түсуші тұлғалардың осы мәнге сәйкес өзара әрекеттерін «интеракция» термині білдіреді.

Символдық интеракционизмнің негізін қалаушы американдық социолог Герберт Мид (1863-1931). Бұл теорияның үш негізгі тірегі бар.

1) Кез-келген әрекет пен мінез-құлық актісі әрекет етуші субъекті өз әрекетіне берген мән негізінде пайда болады. Қысқаша айтқанда, біздің мінез-құлқымыз біз оны кей уақыттарда сезінбесек те мәнге ие. Бұл мән де жалпы әлеуметтік символдарға ие. Мыс.: әскери әрекетке қатыспау жалпы символға сай қорқақтықты білдіреді. Ал басқа бір жеке адам үшін бұл саналы түрдегі пацифизм (зорлыққа қарсылық) болуы мүмкін, яғни тіптен өзге символ. Ал бұл да жалпы қоғамдық символика болып табылады. Яғни бірінші де, екінші де жағдайларда мінез-құлық актісінің артында қоғамдық символдар тұр.

2) Қоғам соған тұрақтайтын символдар адамдардың өзара қарым-қатынасы әсерінен туады. Адам әрқашан да басқа адамдардың өзі туралы пікірінің әсерін сезінеді және соған тәуелді.

3) Адамдар іс-әрекет үрдісінде символдар мәнін түсінеді немесе түсіндіреді, сол сияқты оны өзіне өлшеп көреді. Осы үрдіс адамның даралықтылығын құрамдайды және өзара әрекет негізі қызметін атқарады.

Мінез-құлық актісінде адам өзіне «мәнді символ» табады. «Мәнді символды» адам өз санасының ішінде анықтайды, ал өз кезегінде адам санасы сыртқы дүниеден келген мәндермен толықтырылады.

Г.Мид мынадай даралық формуласын ұсынды: SELF = I + MESELF – даралық; I – бұл адамның қоғамнан жасырып ұстайтын жеке санасы, оның өзі де біле бермейтін интуициясы, инстинктісі; ME – адамның қоғамдық мәнмен байланысқа түсетін санасы.

Конфликт теориясы

Әлеуметтанудың ғылым ретінде дамуына үлес қосқан келесі теория – конфликт (жанжал) теориясы. Негізгі өкілі – Карл Маркс және марксистер

(Маркстің ізбасарлары), сондай-ақ М.Вебер, Г.Зиммель, т.б. Бұл ғалымдар әлеуметтік таптар, әлеуметтік жіктелу, әлеуметтік топтарды зерттеушілер. Негізгі ұстанымдары - әлеуметтік таптар мен топтар арасында материалды игіліктердің теңсіз бөлінуі әлеуметтік жіктелуге, әділетсіздікке алып келеді. Бұл – қызығушылықтардың әртүрлілігін туғызады, ал бұл өз кезегінде қоғамда жанжал, қарсылықтарды тудырады. К.Маркс еңбектерінде таптық жанжал қоғам өзегі болып табылады делінген және таптық жанжал себебі, адамдардың экономикалық жүйедегі жағдайына байланысты әртүрлі топтарға бөлінуі.

К.Маркс пікірінше таптық күрес көптеген саяси жанжалдар көзі болып табылады. К.Маркс теориясына сәйкес таптық жанжал тарихтың қозғаушы күші болып табылады.

Қазіргі уақытта конфликт теорияларының әртүрлі варианттары ұсынылды. Қазіргі теориялар ішіндегі ең мәндісі неміс социолог-ғалымы Р.Дарендорф теориясы. Ол К.Маркстің «қоғамдағы негізгі жанжалдасушы таптар – экономикалық белгісіне байланысты ұйымдасқан таптар»,- деген пікірін жоққа шығарады. Р.Дарендорфтың ойынша әлеуметтік жанжалдың ең басты себебі бір адамдардың басқалар үстінен билікке ие болуы. Негізгі жанжал билік иелері мен одан тыс қалғандар, бірақ билік иеленуге әбден мүмкіндігі барлар арасында пайда болады.

Р.Дарендорф конфликт теориясының мына негізгі мәндерін құрамдады:

1) Кез келген қоғамның басты бейнесі үстемдік, жанжал және жаныштау болып табылады.
2) Қоғамдық құрылым адамдардың бір тобының екінші топ үстінен билігіне негізделген. Мыс.: бизнесмендер жұмысшылар үстінен, офицерлер солдаттар үстінен, оқытушылар студенттер үстінен билікке ие.
3) Осындай әрбір топтың, ол оны түсінсе де, түсінбесе де жалпы мүддесі бар. Әртүрлі топ мүшелерінің мүдделері әртүрлі және қарама-қайшылықта. Мыс.: өз кірісін көбейтуге мүдделі іскер адамдар мен қоршаған ортаны қорғау қозғалысының белсенділері арасында әрқашан да жанжал туып отырады.
4) Адамдар өз жалпы мүдделерін түсінгенде олар қоғамдық топ құра алады. Мысалы, кәсіподақ қозғалысы нысанында.
5) Қоғамдағы жанжал мынадай жағдайларда өте күшейеді: а) барлық билік түгелімен тек аздаған адамдар қолында ғана шоғырланған, ал қалғандар одан толығынан қол үзген; б) биліктен қол үзгендер оны алудың өзге мүмкіндігіне ие болмаған жағдайда; в) адамдар ерікті түрде саяси топтар құра алмаған жағдайда.